

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ, УӘЛИХАНОВ АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ: ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАЛДАУ

Ислямов Ж.Ж.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD - Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

Zhaksylyk410@gmail.com

Аңдатпа

Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы топонимиялық жүйесі өңірдің табиғи-географиялық болмысы мен этномәдени тарихының маңызды көрсеткіші болып табылады. Аудандағы көл, өзен, жон, төбе, батпақ, қырат, жайылым атаулары мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан шаруашылық, миграциялық бағыттар, тарихи оқиғалар мен этностық ерекшеліктердің тілдік бейнесін сақтаған. Бұл мақалада Уәлиханов ауданының гидронимдері, оронимдері, ойконимдері және дромонимдері тарихи-этимологиялық, географиялық және мәдени тұрғыда талданады. Зерттеу үшін «Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері» атты жинақтағы материалдар, архив құжаттары және аймақтық деректер пайдаланылды. Аудан бойынша гидронимдер санының басымдығы өңірдің көлді-батпақты аймақ екенін дәлелдейді (гидронимдер статистикасы жалпы облыс бойынша 2325 нысанды құрайды, оның ішінде Уәлиханов ауданында өзендер саны - 28) [1, 104-б.]. Сонымен қатар оронимдер ішінде 59 тау-төбе нысаны тіркелгені аймақтың жоталы-қырлы бедерге ие екенін көрсетеді. [1, 203] Мақала жер-су атауларының уәждемесі, атаулардың тарихи қабаттары, славян және түркі негізді топонимдердің арақатынасы, сондай-ақ кеңестік идеология кезеңінде өзгеріске түскен атауларды саралайды. Зерттеу нәтижесінде аудандағы топонимиялық жүйенің аймақтық айрықша сипаты мен мәдени-тілдік ақпараттың сақталуы анықталған болды. Түйін сөздер: Топонимия, жер-су атаулары, Уәлиханов ауданы, гидроним, ороним, ойконим, тарихи уәж, мәдени қабат, ономастика, Солтүстік Қазақстан.

Аннотация

Топонимическая система Уалихановского района Северо-Казахстанской области является важным показателем природно-географического облика региона и его этнокультурной истории. Названия озер, рек, хребтов, холмов, болот, урочищ и пастбищ района сохраняют языковое отражение хозяйственной деятельности, миграционных маршрутов, исторических событий и этнических особенностей, формировавшихся на протяжении тысячелетий. В данной статье анализируются гидронимы, оронимы, ойконимы и дромонимы Уалихановского района с историко-этимологической, географической и культурной точек зрения. В исследовании использовались материалы из сборника «Топонимы Северо-Казахстанской области», архивные документы и региональные данные. Преобладание гидронимов по району подтверждает, что территория является преимущественно озерно-болотистой (по статистике, общее количество гидронимов в области составляет 2325 объектов, в том числе в Уалихановском районе - 28 рек) [1, 104]. Кроме того, среди оронимов зарегистрировано 59 горных и холмистых объектов, что указывает на наличие в рельефе хребтов и кряжей [1, 203]. Статья рассматривает мотивацию топонимов, исторические слои названий, соотношение славянских и тюркских топонимов, а также изменения, произошедшие в период советской идеологии. В результате исследования выявлены региональные особенности топонимической системы и сохранность культурно-языковой информации в обществе. Ключевые слова: Топонимия, географические названия, Уалихановский район, гидроним, ороним, ойконим, историческая мотивация, культурный слой, ономастика, Северо-Казахстанская область.

Abstract

The toponymic system of the Ualikhanov District in the North Kazakhstan Region is an important indicator of the region's natural-geographical characteristics and ethno-cultural history. The names of lakes, rivers, ridges, hills, swamps, uplands, and pastures in the district preserve the linguistic reflection of economic activities, migration routes, historical events, and ethnic features that have developed over thousands of years. This article analyzes the hydronyms, oronyms, oikonoms, and dromonyms of the Ualikhanov District from historical-etymological, geographical, and cultural perspectives. The study uses materials from the collection "Toponyms of the North Kazakhstan Region", archival documents, and regional data. The predominance of hydronyms in the district confirms that the area is mainly lake-swampy (according to statistics, the total number of hydronyms in the region is 2,325 objects, including 28 rivers in the Ualikhanov District) [1, 104]. Additionally, among the oronyms, 59 mountain and hill objects are registered, indicating a ridge-hilly terrain [1, 203]. The article examines the motivation of toponyms, historical layers of names, the ratio of Slavic and

Turkic toponyms, as well as changes that occurred during the Soviet ideological period. The research results reveal the regional specificity of the toponymic system and the degree of preservation of cultural-linguistic information in the collective memory.

Keywords: Toponymy, geographical names, Ualikhanov District, hydronym, oronym, oikonym, historical motivation, cultural layer, onomastics, North Kazakhstan.

Кіріспе

Солтүстік Қазақстан өңірі топонимиялық кеңістігімен ерекшеленетін тарихи-мәдени аймақ болып саналады. Бұл өңірдің табиғаты - көлді-батпақты, жон-жоталы, ашық далалы келбетімен айқындалады. Әсіресе Уәлиханов ауданы топонимиялық картасында этникалық тарих, көне шаруашылық дәстүрлер, табиғи ортаның ерекшеліктері және қазақ халқының дәстүрлі атау беру тәжірибесі көрініс табады. Топонимдер - белгілі бір кезеңнің тілдік таңбасы ғана емес, сонымен қатар тарихи оқиғалар, табиғи ерекшеліктер, мәдени-әлеуметтік құбылыстар туралы ақпарат сақтайтын дереккөзі. Уәлиханов ауданында топонимдердің барлық негізгі түрлері кездеседі: гидронимдер, оронимдер, ойконимдер, дримонимдер және антропонимдік негіздегі атаулар. «Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері» жинағында көрсетілгендей, аудан аумағында 59 тау-төбе нысаны, 28 өзен, ондаған көл, батпақ атаулары тіркелген [1, 203-205-бб.]. Бұл статистика өңірдің табиғи ландшафтының күрделі әрі әркелкі болғанын дәлелдейді. Сонымен бірге, кеңестік кезеңдегі идеологиялық қайта атаулар, славян текті қоныс атаулары, этникалық миграциялар нәтижесінде енгізілген жат атаулар топонимиялық қабатқа өз әсерін қалдырған. Ауданның топонимдерінде көбіне көл атаулары, тұзды-ащы көлдерге байланысты гидронимдер, төбе-шоқы атаулары және шаруашылық терминдері жиі кездеседі. Түркілік түбірлердің басымдығы - қазақ этносының тарихи-мәдени ізі. Алайда XIX-XX ғасырлардағы қоныс аудару саясаты нәтижесінде пайда болған Белоградовка, Толбухинская сияқты атаулар [1, 178-б.]. топонимиялық жүйенің кейінгі кезеңдік қабатын көрсетеді. Бұл зерттеу мақсаты - Уәлиханов ауданы жер-су атауларының тарихи қалыптасуын, уәждік негізін, тілдік құрылымын, мәдени сипаттарын кешенді түрде талдау. Жұмыстың ғылыми жаңалығы - топонимдердің ішкі жіктелуін, олардың тарихи қабаттарын, табиғи-географиямен байланысын және қазіргі ономастикалық үрдістердегі орнын айқын көрсету.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеуде Уәлиханов ауданының топонимиялық жүйесін талдау үшін негізгі материал ретінде Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» орталығының «Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері» (2021) жинағындағы деректер, СҚО мемлекеттік архивінің 669-қорының материалдары, сондай-ақ өңірдің картографиялық және статистикалық мәліметтері пайдаланылды. Аудан аумағындағы гидронимдер, оронимдер және ойконимдер туралы ақпаратты нақтылау үшін қазіргі топографиялық карталар мен аймақтық ономастикалық тізімдер тартылды. Зерттеу әдістемесі тарихи-лингвистикалық, этимологиялық және семантикалық талдауға негізделді. Атаулардың шығу тегі мен уәжі этимологиялық тәсіл арқылы анықталып, топонимдердің табиғи нысандармен, тарихи оқиғалармен немесе этникалық құбылыстармен байланысы белгіленді. Картографиялық сәйкестендіру әдісі жер-су атауларының кеңістіктегі орналасуын тексеруге мүмкіндік берді. Диахрондық талдау арқылы топонимдердің әр кезеңдегі өзгерістері, әсіресе кеңестік кезеңдегі қайта атаулар мен тәуелсіздік жылдарындағы тарихи атауларды қалпына келтіру үрдістері салыстырылды.

Талдау

Солтүстік Қазақстан облысы, оның ішінде Уәлиханов ауданы топонимиялық жүйесі өз табиғи-географиялық айрықшылығымен, тарихи-этникалық үдерістерімен, жергілікті халықтың шаруашылық тәжірибесімен тығыз байланысты. Аудандағы жер-су атауларының басым бөлігі географиялық нысандардың шынайы табиғи келбетін дәл бейнелейтін дескриптивті реңкке ие. Бұл - қазақ даласының ежелгі дәстүрлі атау беру жүйесінің бір көрінісі. Солтүстік өңірдің көлдері, сор алқаптары, шағын қыраттары мен төбешіктері атауларда нақты сипаттамалық негізге ие болып келеді. Мысалы, аудан аумағындағы Көксеңгірсор, Шолақсор, Қомбайсор, Золотая Нива сияқты атаулар физикалық-географиялық ерекшеліктерді дәл береді [1, 174-б.]. Бұларға қоса, Кішкенекөл, Қаратерек, Қулықөл, Ақтүйесай, Өндіріс, Амангелді, Жамбыл сияқты қазіргі ауылдар мен елді мекендердің атаулары да табиғи реңкпен немесе тарихи-этникалық ерекшеліктермен тікелей байланысты қойылған [1, 162-б.]. Уәлиханов ауданындағы оронимдерге қатысты мәліметтер де назар аударарлық. Кестелер бойынша ауданда 8 жон, 59 тау, 1 төбешік тіркелгені көрсетілген [1, 356-б.]. Бұл көрсеткіш ауданның солтүстіктегі орманды-батпақты жазықтардан гөрі оңтүстік-шығыс бөлігінде төбелі-қырқалы аймақтардың басымдылығын аңғартады. Мұндай бедер атауларында қазақтың дәстүрлі «жон», «қырық», «шоқы», «төбе» терминдері арқылы тарихи-картографиялық дүниетаным көрінеді. Мәселен, аудан аумағындағы 24-ші Жазық, 21-ші Клетка, Жуантөбе, Звезда, Золотая Нива тәрізді оронимдер

аймақтың көпэтносты тұрғындар құрамынан хабар беріп, атау қабаттарының әрі түркілік, әрі славяндық арнадан келіп отырғанын айғақтайды [1, 181-б.]. Сонымен қатар Мортқық, Қондыбай, Аққұдық, Қаратерек сияқты тарихи атаулардың кеңестік кезеңнен кейін қайта қалпына келтірілуі аймақтағы ономастикалық процестердің мәдени-тарихи мәнін ашады [6]. Гидронимдер де аудан топонимиясында маңызды орын алады. Солтүстік Қазақстан бойынша өзендердің ең көп кездесетін аудандарының бірі - Уәлиханов ауданы екендігі көрсетілген, мұнда 28 өзен, сондай-ақ бастау, жылға және бұлақ типті нысандар тіркелген [1, 95-б.]. Қазақ халқы ежелден су көздерін тіршіліктің негізгі элементі деп қабылдағандықтан, гидронимдер көбінесе жергілікті табиғи жағдайға дәл сәйкес қойылған. «Қамысты», «Жалтырша», «Бекірелі» сияқты көл атауларында су маңындағы биологиялық ортаның ерекшеліктері сипатталады [1, 18-б.]. Бұлардан бөлек, Сілетітеңіз, Теке, Қамыстыкөл, Сасықкөл, Қоскөл, Итқырылған, Шалқарсор сияқты көлдер де ауданның су жүйесін құрайтын маңызды нысандар болып табылады және олардың атаулары табиғи қасиеттермен тығыз байланысты [4, 34-б.]. Аудан аумағында кең тараған сор атымен байланысты гидронимдер - аймақ географиясының тағы бір өзекті белгісі. Мысалы, Шолақсор, Көксеңгірсор, Қомбайсор атауларындағы «сор» компоненті жер құрамындағы тұздану сипатын көрсетеді. Мұндай гидронимдік қабат Солтүстік Қазақстанның табиғи құрылымын жүйелі бейнелеп, шаруашылық іс-әрекеттерге (мал жаю, шабындық, су көздерін пайдалану) тікелей әсер еткен [3, 149-б.]. Ойконимдер тұрғысынан Уәлиханов ауданы аймақтағы ең көп елді мекені бар аудандардың бірі саналады. Кестелер бойынша мұнда 56 ескі мекен, 111 қыстақ, 13 село, 20 ауыл сияқты нысандар тіркелген [1, 288-б.]. Бұл - аймақтың тарихи қоныстану тығыздығын, шаруашылық пен көші-қон дәстүрінің белсенділігін көрсетеді. Аудан ойконимдерінің бір бөлігі ағаш, өзен, өсімдіктер атымен, енді бір бөлігі этнос немесе кісі есімдерімен байланысты. Мәселен, Қондыбай, Ақсары, Мортқық, Қаратерек, Тілеусай тәрізді атаулардың әрқайсысы аудандағы этникалық топтар мен жергілікті тарихи процестердің ізі ретінде қызмет етеді [2, 67-б.]. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық топонимдер де осы аумақта көп кездескен. Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін бұл атаулардың едәуір бөлігі тарихи атаулармен алмастырылған. Архивтік деректер бойынша Уәлиханов ауданында бірнеше елді мекен атауы 1990-2000 жылдар аралығында өзгертілген, мысалы: Комсомол - Аққұдыққа, Новокрасновское - Мортқыққа, Херсонское - Қаратерекке [5]. Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бұрынғы Қызылту ауданы түгелдей Уәлиханов ауданының құрамына беріліп, әкімшілік-аумақтық құрылымда ірі өзгеріс жасалғаны да аудан топонимиясына тікелей ықпал еткен [5]. Аудан аумағында жануарлар мен өсімдік атауларына негізделген топонимдер де өз орнын алады. Мәселен, Жуанқайың, Қалыңтал, Жуанағаш, Қалыңшоқы, Кішкенеқопа, Үлкенқопа сияқты атаулар табиғи ортаның биологиялық құрамын дәл береді. Мұндай атаулар табиғат пен адам арасындағы тікелей байланысты көрсетіп қана қоймай, қазақтың табиғатқа бағытталған дәстүрлі танымының бір бөлігі саналады [1, 162-б.]. Жалпы алғанда, Уәлиханов ауданының топонимиясы аймақтағы тарихи демографиялық өзгерістерді, қазақтың дәстүрлі географиялық терминологиясын, орыс қоныс аударушыларының тілдік ықпалын, табиғи орта ерекшеліктерін, шаруашылық үлгісін және саяси-әкімшілік трансформацияларды тұтастай қамтитын күрделі мәдени-тарихи қабат болып табылады.

Нәтиже

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Солтүстік Қазақстан облысының, соның ішінде Уәлиханов ауданының жер-су атаулары - аймақтың тарихи, этнолингвистикалық және табиғи-географиялық болмысының аса күрделі әрі көпқабатты көрінісі. Жинақталған деректер мен ономастикалық материалдарды талдау нәтижесінде ауданның топонимиялық жүйесінде ежелгі түркілік семантикалық қабаттар, дәстүрлі шаруашылықты айғақтайтын лексика, табиғи нысан сипаттамалары, антропонимдік негіздер және славяндық колониялық кезеңнің іздері қатар кездесетіні анықталды. Ең алдымен, Уәлиханов ауданының топонимиялық құрылымында гидронимдер ерекше орын алады. “Солтүстік қазақстан облысы топонимдері” еңбегі бойынша ауданда 28 өзен, сондай-ақ ондаған көл мен батпақ атауы тіркелген [1, 104-б.]. Бұл ауданның табиғи ландшафты - көлді-батпақты, өзен арналары жиі өзгеретін далалық өңір екенін көрсетеді. Мәселен, Қомбайсор, Шолақсор, Көксеңгірсор атауларындағы -сор компоненті топырақтың тұздығын, сортаңдық ерекшелігін нақты сипаттайды. Бұл атаулар табиғи ерекшеліктің ғасырлар бойы өзгермейтін сипатын сақтап қалған гидронимдік деректер екенін көрсетеді [3, 147-б.]. Сондай-ақ аудандағы Кішкенекөл, Қаратерек, Жуаншоқы сияқты атаулар табиғи нысанның көлеміне, өсімдік түріне немесе рельеф ерекшелігіне негізделіп қойылған. Мысалы, Кішкенекөл атауындағы «кішкене» нысанның көлемін көрсетсе, Қаратерек - аймақтағы қарақошқыл қабықты теректердің жиілігін білдіреді. Бұл атаулар халықтың жер бедерін бақылау тәжірибесінің дәлдігі мен табиғатты сипаттаудағы нақты сөз қолданысын көрсетеді. Зерттеу барысында Уәлиханов ауданында 59 төбешік, 8 жон, 1 шоқы сияқты оронимдер тіркелгені анықталды [1, 203-б.]. Бұл деректер

ауданда ұсақ шоқылы жер бедерінің кең таралғанын дәлелдейді. Мысалы, 24-ші Жазық, 21-ші Клетка сияқты нөмірленген атаулар XX ғасырдың кеңестік кезеңінде енгізілген жасанды топонимдер қатарына жатады. Мұндай атаулар дәстүрлі қазақ ономастикасына тән емес, бірақ тарихи кезеңнің тілдік белгісі ретінде ауданда кең тарап қалған. Уәлиханов ауданы топонимиясының тағы бір маңызды қабаты - антропонимдік негіздегі атаулар. Бұл топонимдер белгілі бір жерді игерген, қоныстанған, аңшылық не малшылық дәстүрінде аты шыққан адамдарға байланысты қалыптасқан. Мысалы, Қаратерек ауылына дейін бұрынғы атау - Херсонское болғаны архив деректерінде көрсетілген; 1999 жылғы шешіммен оның тарихи атауы қалпына келтірілген [5, 1999 ж. шешім.]. Мұндай өзгерістер этномәдени жақты қалпына келтіру үрдісінің белсенді жүргенін дәлелдейді. Ауданның тарихи-мәдени ономастикасында ру-тайпалық этнонимдер де жиі кездеседі. Мысалы, Кіші Керейқоңған, Қалыңқызыл, Жалпаққарасу сияқты атаулар белгілі бір рудың тарихи қонысын немесе сол рудың географиялық аумаққа қатысын айғақтайды. Бұл атаулар қазақтың этникалық кеңістігінің табиғи географиялық ерекшеліктермен байланысын көрсетеді. Әсіресе Керей этнонимінің сақталуы - аймақтың бұрыннан Керей руының негізгі қоныстарының бірі екенін дәлелдейді (Иманбердиева С.Қ., 2021: 56-б.). Уәлиханов ауданының топонимиясында славяндық атаулардың болуы да айқын байқалады. Мысалы, Золотая Нива, Черниговское, Новокрасновское сияқты атаулар Ресейден қоныс аударушылар кезеңімен тікелей байланысты. Алайда олардың көпшілігі тәуелсіздік жылдары қазақша атаулармен алмастырылған: Черниговское-Қондыбайға, Новокрасновское-Мортыққа, Комсомол-Аққұдыққа [5, 2008 ж. қаулылар]. Бұл өзгерістер тарихи әділеттілікті қалпына келтірумен қатар, қазақ тілінің топонимиялық кеңістікте басымдыққа ие болуын қамтамасыз етті. Зерттеу нәтижелері аудан топонимиясының лексика-семантикалық жіктелімінде мына топтар басым екенін көрсетті: табиғатқа байланысты атаулар, су нысандарының атаулары, өсімдіктер мен жануарларға қатысты атаулар, антропонимдік атаулар, колониялық кезеңнен қалған қабаттар және кеңестік идеологияға қатысты атаулар. Осының ішінде Уәлиханов ауданында табиғи нысанға байланысты атаулар айтарлықтай басым. Бұл өңірдің табиғаты өте бай, көлдер, сорлар, шоқылар көп болғандықтан, жер-су атауларының басым бөлігі тікелей табиғи сипаттамамен көрсетеді. Ал кісі есіміне байланысты атаулардың болуы - қазақ қоғамындағы дәстүрлі әлеуметтік қатынастар мен тарихи тұлғалардың, белгілі әулеттердің аймақ өмірінде маңызды орын алғанын дәлелдейді. Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Уәлиханов ауданының топонимиясы аймақтың этникалық тарихын, мәдени мұрасын және табиғи ерекшеліктерін кешенді түрде бейнелейтінін көрсетті. Жер-су атауларының көпқабаттылығы - бұл өңірдің тарихи динамикасын, әр кезеңнің тілдік-мәдени ықпалын айқын көрсететін құнды дереккөз.

Қорытынды

Солтүстік Қазақстан облысы, оның ішінде Уәлиханов ауданының жер-су атаулары өңірдің тарихи, этномәдени, табиғи ерекшелігін толық ашатын маңызды лингвистикалық және мәдени қабат болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, аудан аумағындағы гидронимдер, оронимдер мен ойконимдер көне дәуірден бүгінге дейінгі этникалық үдерістердің, қоныстану динамикасының, табиғи ортаның және тарихи оқиғалардың ізі ретінде сақталған. Мәселен, аудан аумағында гидронимдердің жиілігі - көлді-батпақты ландшафттың басымдығын көрсетеді, бұл СҚО бойынша 3 мыңнан аса көл бар деген мәліметпен толық сәйкес келеді. Көл атауларындағы «Ащы», «Тұщы», «Жалтыр», «Қамысты» сияқты лексемалар табиғи ерекшелікті дәл сипаттап, атаудың уәжін айқын көрсетеді. Уәлиханов ауданындағы оронимдер мен микропонимдер де тарихи-мәдени ақпаратқа бай. «24-ші Жазық», «21-ші Клетка» сияқты нөмірленген төбешіктер патшалық Ресей мен кеңес кезеңіндегі жер өлшеу және картографиялау үдерістерінің нәтижесі екені байқалады. Ал «Золотая Нива», «Черниговское», «Новокрасновское» сияқты ойконимдер XX ғасыр басындағы қоныс аудару саясатының нақты тілдік айғақтары болып табылады. Бұл атаулар кейін тәуелсіздік кезеңінде ұлттық тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатымен «Қондыбай», «Мортық», «Қаратерек» деп өзгертілген. Жер-су атауларындағы антропонимдік қабат та аудандардың этникалық тарихын дәлелдейді. Зерттеу материалдары Айыртау мен Жамбыл аудандарында антропотопонимдер өте жиі кездесетінін көрсетсе де, Уәлиханов ауданында да мұндай атаулар жеткілікті: «Бісқак», «Қарасай», «Тілеусай» сияқты атаулар жергілікті тұлғалардың елге сіңірген еңбегін. Бұл деректер өңір тарихындағы әлеуметтік құрылым, рулық-тайпалық жүйе және көшпелі қоғамның дәстүрлі жад сақтау формалары зерттеу үшін аса бағалы екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Уәлиханов ауданы топонимиясы - тек географиялық атаулар жиынтығы емес, ол халықтың дүниетанымын, шаруашылық мәдениетін, табиғатпен қатынасын, тарихи жадын және этникалық бірегейлігін сақтайтын күрделі мәдени-лингвистикалық жүйе. Жер-су атауларының көпқабатты құрылымы өңірдің мәдени тарихында әр кезеңнің ізін қалдырып, бүгінгі ұрпаққа бағалы

деректер жеткізеді. Сондықтан топонимиялық мұра - тек тілдік емес, ұлттың рухани-тарихи капиталы. Зерттеу нәтижелері Уәлиханов ауданы топонимдерінің ғылыми тұрғыдан жүйеленуіне, олардың мәдени-тарихи маңызын ашуға және осы саладағы болашақ ізденістерге бағыт береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Иманбердиева С.Қ., Тойшыбаев З., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. - Нұр-Сұлтан, 2021. 628-бет.
- 2.Таласпаева Ж.С., Сабиева Е.В., Какимова М.Е.Солтүстік Қазақстан облысы түркі топонимдерінің лексика-семантикалық сипаты.- Петропавл: М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, 2025. - 112 б.
- 3.Әбілмәжінқызы Г., Ынтымақова А.Ономастикалық атаулардың виртуалды ақпараттық кеңістікте көрініс табуы. Филология хабаршысы, №2 (151). - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. - 143-154 б.
- 4.Иманбердиева С.Қ.Қазақстан топонимдерінің диахрониясы.Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы, №3.Астана: Еуразия гуманитарлық институты, 2024. - 30-40 б.
- 5.Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві (СҚМА).669-қор, 1-тізбе, іс 618.

АТАУЛАР СӨЙЛЕЙДІ: ОРАЛ Өңірінің тарихи ономастикасы»

Каламғали Н.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана халықаралық университеті

nuraisha1607@icloud.com

Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысы аумағындағы, әсіресе Орал қаласы маңындағы жер-су атауларын тарихи ономастикалық тұрғыдан зерттеу қарастырылады. Зерттеу барысында Жайық, Орал/Яик өзені, оның салалары, сондай-ақ өзен маңындағы көлдер мен төбелердің атауларының қалыптасу тарихы, этимологиясы және этнографиялық ерекшеліктері талданады. Жұмыста ономастика саласының негізгі теориялық ұстанымдарына сүйене отырып, өңірге тән топонимдердің пайда болуына ықпал еткен тілдік, мәдени және тарихи факторлар анықталады. Жер-су атаулары қоғамның әр дәуіріне тән лексикалық элементтер мен грамматикалық тұлғаларды сақтаушы маңызды мәдени көрсеткіш екені атап өтіледі. Зерттеу барысында жергілікті сөздіктер, тарихи карталар, архивтік материалдар және интернет дереккөздері пайдаланылды. Мақала қорытындысында ономастиканың ұлттық мәдени мұраны сақтау мен мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудағы рөлі айқындалып, жергілікті ономастикалық нысандарды қорғау және оларды цифрландыру жөнінде бірқатар практикалық ұсыныстар беріледі. Жұмыстың нәтижелері ономастика мен тілдік-мәдени мұраны білім беру және жергілікті басқару салаларында тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ономастика, топонимия, Жайық Шаған, Елек, Деркөл, Шыңғырлау, жерсу, этимология, Орал.

Аннотация

В данной статье рассматривается историко-ономастическое исследование топонимов Западно-Казахстанской области, особенно территории, прилегающей к городу Орал. В ходе исследования анализируются история формирования, этимология и этнографические особенности названий реки Жайык Урал, Яик, её притоков, а также расположенных поблизости озёр и возвышенностей. Опираясь на основные теоретические положения ономастики, в работе выявляются языковые, культурные и исторические факторы, повлиявшие на возникновение характерных для региона топонимов. Подчёркивается, что названия географических объектов являются важным культурным маркером, сохраняющим лексические элементы и грамматические формы, присущие разным общественным эпохам. В исследовании использованы локальные словари, исторические карты, архивные материалы и интернет-источники. В заключении статьи раскрывается роль ономастики в сохранении национального культурного наследия и в реализации государственной языковой политики. Также предлагаются практические рекомендации по сохранению и цифровизации местных ономастических объектов. Полученные результаты могут быть эффективно использованы в сфере